

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2017 жылғы 25 мамырдағы № 95/НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 28 маусымда № 15269 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 373/НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 30.12.2019 № 373/НҚ (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 139-бабының 5-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің (бұдан әрі - Министрлік) азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімі бекітілсін.

2. Министрліктің Адами ресурстарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін оның көшірмелерін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспасөз басылымдарына ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Министрліктің Жауапты хатшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Корғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрі

Б. Атамқұлов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және халықты әлеуметтік
коргау министрі

Т. Дүйсенова

2017 жылғы 25 мамыр

Қазақстан Республикасы
Корғаныс және аэроғарыш
өнеркәсібі министрінің
2017 жылғы 25 мамырдағы
№ 95/НҚ бұйрығымен
бекітілген

**Қазақстан Республикасы Корғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі
министрлігінің
азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізілімі**

Буын	Саты	Лауазымдардың атауы
А БЛОГЫ – БАСҚАРУШЫ ПЕРСОНАЛ		
A1	1	Қазақстан Республикасы Корғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің "Микрография ғылыми-зерттеу институты" республикалық мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - РММ) директоры
	1-1	РММ директорының орынбасары
A2	1	РММ бас бухгалтері
	1-1	РММ бас бухгалтерінің орынбасары
A3	1	РММ бөлім бастығы
	1-1	РММ бөлім бастығының орынбасары
	2	РММ топ басшысы
	3	РММ жетекші инженер
В БЛОГЫ - НЕГІЗГІ ПЕРСОНАЛ		
B2	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты инженер
	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты инженер
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты инженер
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ инженер
B3	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты техник
	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты техник
	3	Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты техник
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ техник
В БЛОГЫ - ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ САЛАСЫ		

	1	Біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты медициналық медбике (мейіргер)
B3	2	Біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты медициналық медбике (мейіргер)
	3	Біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты медициналық медбике (мейіргер)
	4	Біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ медициналық медбике (мейіргер)
	1	Біліктілігі орташа деңгейдегі жоғары санатты медициналық медбике (мейіргер)
B4	2	Біліктілігі орташа деңгейдегі бірінші санатты медициналық медбике (мейіргер)
	3	Біліктілігі орташа деңгейдегі екінші санатты медициналық медбике (мейіргер)
	4	Біліктілігі орташа деңгейдегі санаты жоқ медициналық медбике (мейіргер)

С БЛОГЫ – ӘКІМШІЛІК ПЕРСОНАЛ

C1		Энергия, жылу, су, газ құбыры және көріз жүйелерін күтіп-ұстау участексінің басшысы; көлік цехының басшысы; әкімшілік-шаруашылық бөлімнің басшысы; ғимараттар мен үй-жайларды жөндеу құрылыш жұмыстарын өндіруші участексінің басшысы; жөндеу - механикалық участексінің басшысы; байланыс, күзет сигнализациясы және химиялық өрт сөндіру участексінің басшысы; өрт қызметі командасының басшысы.
C2		Біліктілік деңгейі жоғары мамандар: инспектор, аудитор, экономист, мемлекеттік сатып алу менеджері, бухгалтер, әдіскер, механик, байланыс инженері, жабдықтау инженері, ғимараттар мен құрылымдарды түгендеу инженері, ақпаратты қорғау жөніндегі инженер, қауіпсіздік және еңбекті қорғау жөніндегі инженер, аудармашы, зангер.
C3		Қойманың менгерушісі, ауысым бастығы, шаруашылық менгерушісі, біліктілік деңгейі орта мамандар: байланыс технігі, инспектор, экономист, бухгалтер, мәханик, аудармашы, заң кенесшісі.

Д БЛОГЫ – КӨМЕКШІ ПЕРСОНАЛ

D	Техникалық орындаушылар: мұрагатшы, іс жүргізуі, диспетчер, хатшы, күзетші, көшіру көбейту машиналарының, компьютерлік техникалардың (бағдарламалар), байланыс, күзет қызметінің операторы.
---	---